

Қазақ репатриациясы ұғымы турасында: сипаттамасы, түрі және ерекшелігі

Бұлбұл Шәкен

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: agazhai_altai@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0003-2012-4572>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-143-2-108-123>

Аңдатпа. Мақалада қазақ репатриациясы ұғымы және оның баламасы болып табылған «байырғы ұлт өкілдері», «оралман», «қандас», «репатриант» сынды терминдердің ғылыми айналымда өзгеру динамикасы мен себептері қарастырылады. Қазақстан жағдайында репатриация және оның салдарынан туындайтын түйіндерді әлемдік қалыптасқан формуламен емес, жекелей (тарихи, аймақтық, этностық жағдайлар тұрғысынан), арнайы теориялар мен әдестерді пайдалану арқылы зерттеу тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Соңғы 30 жылдағы этникалық көші-қон ұғымдарының өзгеруіне ықпал еткен заңдық және әлеуметтік себептерді ескере отырып, құқықтық статус пен қоғамдық пікірден туған атаулардың ғылыми термин ретінде қолданудың тиімсіздігін көруге болады. Сонымен қатар, мақалада әлемдік тәжірибедегі репатриация үлгілерінің терминдік қолданыстарына (Израиль, Ресей, Германия, Польша, Корея, Жапония т.б.) салыстырмалы талдаулар жасалынып, қандай терминнің этникалық қазақтардың оралу көші-қонын толықтай сипаттай алатыны қарастырылды.

Этникалық көші-қон түсінігі және анықтамасы мәселесінің отандық ғылымда дұрыс қойылуы мен шешілуі осы сала бойынша зерттеулердегі бірізді терминдердің қалыптасуына жағдай жасайды.

Түйін сөздер: репатриация; оралман; қандас; құқықтық статус; этникалық көші-қон; диаспора; ирредент; Қазақстан.

Received 16.02.2023. Revised 20.04.2023. Accepted 30.04.2023. Available online 30.06.2023.

For citation:

Shaken B. The concept of Kazakh repatriation: characteristics, type and specifics// Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 143. – № 2. – P. 108-123. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-143-2-108-123.

Для цитирования:

Шәкен Б. Понятие казахской репатриации: характеристика, вид и специфика// Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 143. – №.2. – С. 108-123. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-143-2-108-123.

Кіріспе

Миграция – бұл жаһандық құбылыс. Қазақ жері де, халқы да ғасырлар бойы үзіліссіз көші-қонның куәсі болып келеді. Соның бүгінгі таңдағы бір тарамы –

этникалық қазақтардың репатриациясы. Этникалық репатриация феноменін зерттеушілер бұл құбылыстың ғылыми әдебиетте ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жаппай зерттеле бастағанын айта келе, әлі де бұл процеске, терминге

байланысты бірізді анықтама жоқ екенін алға тартады. Себебі, түрлі этностардың өз отанынан кетуі мен қайтадан оралуының өзіндік ерекшелігі, өзгеше ізі бар. Ендеше отандық және әлемдік ғылымда қазақ репатриациясының болымысы қаншалықты ашылды? Немесе аталмыш құбылысты сипаттайтын ғылымдағы терминдер қазақ репатриациясының мәнін толық көрсете алды ма? Және халықаралық репатриация мысалдары арқылы (Израил, Германия, Польша, Ресей, Жапония, Корея т.б.) Қазақстан жағдайын түсіндіру, салыстыру жөн бе? Міне осындай сұрақтар Қазақстан жағдайында репатриация және оның салдарынан туындайтын түйіндерді әлемдік қалыптасқан формуламен емес, жекелей (тарихи, аймақтық, этностық жағдайлар тұрғысынан), арнайы теориялар мен әдістерді пайдалану арқылы шешу қажет екенін көрсетеді.

Жұмыстың дереккөздері мен әдіснамалық негіздері. Жұмыстың дереккөзі ретінде Қазақстан Республикасы көші-қон заңдары, әр жылдары енгізілген өзгертулер мен толықтырулар, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулылары алынды. Сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымының және Халқаралық Миграция Ұйымының құқықтық актілері мен отандық баспасөз беттеріндегі мақала, сұхбаттар да тартылды.

Мақалада этникалық оралу көші-қоны пәнаралық тұрғыдан талқыланды. Мәселені талдау барысында тарихилық және ғылыми объективтілік қағидасы басшылыққа алынды. Сонымен қатар, тарихи-типологиялық, проблемалық, индуктивті-дедуктивті, жүйелік, case study және салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды.

Талқылау

Қазіргі таңға дейін шетелдегі этникалық қазақтар келесідей 3 түрлі саланың зерттеу нысаны болып келді: миграция, диаспорология және репатриация. Миграция – қазақтардың шетелге ауа көшуі мен қайта оралуын қарастырса, диаспорология – шетелдегі қазақ топтарының қалыптасуы, демографиялық

жағдайы және этникалық бірегейлігі, этномәдени ерекшеліктері турасында зерттеулер жүргізеді. Ал репатриация – олардың Қазақстан Республикасының бүтінгі территориясына қоныс аударғаннан кейінгі адаптациясы және интеграциясы мәселелерін талқылайды. Аталған үш бағыт бойынша соңғы 30 жылдың ішінде көптеген зерттеу еңбектері мен ғылыми мақалалар жарық көрді. Солардың ішінен мәселені жан-жақты қарастырыған көлемді монографиялар мен докторлық, кандидаттық диссертацияларды қарастырсақ, миграция бойынша ғалымдар Қазақстандағы көші-қон жағдайы, сипаты, түрі және көші-қон саясатының негізгі бағыттарын зерттеуге алған. Елдегі ішкі және сыртқы көші-қонды басқару жүйесінің заңнамалық және институалды даму ерекшеліктері, халықаралық серіктестік қарастырылған. Әлемдік және Қазақстандық миграция үрдісін теориялық тұрғыдан талдай отырып, оның келешегін көрсетуге тырысқан.

Шетелдегі қазақ диаспорасын зерттеудің теориялық, методологиялық негізін жасаған зерттеушілердің ішінен Г.М. Мендикулованың алар орны ерекше. Ғалым зерттеулерінде қазақ диаспорасы түсінігін, сипатын, қалыптасу және даму тарихының маңызды аспектілерін қарастырды, сонымен қатар алғаш рет өзге елде тұрып жатқан қазақтарды ирредент және диаспора деп жіктейді (Мендикулова, 2006). Әлемнің түкпір-түкпіріндегі қазақтар турасында да көптеген отандық және шетелдік ғалымдар жүйелі зерттеулер жүргізді.

Ал этникалық қазақтардың Қазақстанға оралуын және оралғаннан кейінгі жағдайын, қоғамға бейімделуін, сіңісуін, жұмыспен қамтылуын, психологиялық күйін және қабылдаушы ортаның реакциясын ғалымдар экономика, әлеуметтану, философия, психология, медицина, педагогика, лингвистика, публицистика, құқық сынды ғылым салаларының нысаны ретінде ала отырып қарастырды.

Репатрианттарды тарихи және этнографиялық тұрғыдан зерттеу бойынша А.Б. Калыш пен Д.Б. Касымованың «Пути интеграции оралманов в Казахское общество: реалии и вызовы» (Калыш,

Касымова, 2013) және «Поле и смыслу социокультурной интеграции этнических репатриантов» (Калыш, Касымова, 2014), К.Қ. Нұрымбетованың «Тәуелсіз Қазақстандағы репатриация мәселелері мен болашағы: тарихи талдау (1991-2008 жж.)» (Нұрымбетова, 2010), К.Н. Балтабаева, Т.А. Мамашев, Ж.Ә. Ермекбай, А.Ж. Баймағамбетова «Қазақ диаспорасы және Атамекенге оралу (1991-2012 жж.)» (Балтабаева, Мамашев, Ермекбай, Баймағамбетова, 2015) т.б. әдебиеттерді жатқызуға болады. Мұнда Қазақстан Республикасының репатриация саясаты жан-жақты талқыланып, іске асырылған мемлекеттік бағдарламалар, көші-қон заңдары және репатрианттарды қолдау шаралары толығымен баяндалады. Миграция, диаспорология және репатриация бойынша толық тарихнама жасалып, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін бөліп қарастырады. Әрбір мемлекеттен келген қазақ репатрианттардың этникалық бірегейліктеріне назар аудара отырып, Қазақстан қоғамына сіңсуін бағалайды. Еңбек (90-жылдардағы Моңғолия қазақтары мысалында) және білім беру репатриациясының артықшылықтары талқыланады. Қазақ репатрианттарды қазақстандық социумға әлеуметтік-мәдени бейімдеудегі қиындықтарға да тоқталады.

Жоғарыда аталған еңбектердің көбі репатриацияны жалпы мемлекеттік деңгейде қарастырып, талдаулар жасайды да, кейде аймақтық ерекшеліктер жекелей қарастырмайды. Сондай ақтаңдақтардың орнын толтыратын жекелеген аймақтар бойынша А.С. Сейсенбаеваның «Жетісу аумағындағы репатрианттар: этномәдени және миграциялық үрдістері» (Сейсенбаева, 2014), Ю.Н. Гужвенконың «Восточный Казахстан: этносоциальные отношения в 1990-е – начале 2000-х годов» (Гужвенко, 2009), Б.Ж. Атантаева, А.М. Мамырбеков, А.К. Оспанова «Шығыс Қазақстандағы репатриация үрдісінің тарихы (1991-2012 жж.)» (Атантаева, Мамырбеков, Оспанова, 2015), М.С. Карибаевтың «Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттар: күнделікті тарихы» (Карибаев, 2021) атты зерттеулерді атауға болады. Мұнда ғалымдар

қазақ репатрианттардың аймақтық орналасуындағы ерекшеліктеріне, жергілікті орынға климаттық, әлеуметтік, мәдени бейімделуін кеңінен қарастырады.

Жалпы репатриация және репатрианттарды әлеуметтік, экономикалық, тарихи-мәдени, психологиялық, құқықтық т.б. тұрғыда қарастыратын көптеген монография, диссертация және ғылыми мақалалар жарық көргенімен, еліміздегі этникалық репатриация түсінігі, оны классификациялау, белгілі бір критерийлер бойынша жіктеу мәселелерінің аражігі ашылмағанын көруге болады. Ғылыми әдебиеттерде «қазақ репатрианттар», «этникалық миграция», «этникалық репатриация», «оралман», «оралман мигранттар», «қандас», «қытай қазақтары, моңғолия қазақтары, түркия қазақтары т.б.» сынды терминдерді пайдаланады.

Мәселен, «Оралман» терминін – М.Т. Жетесова (Жетесова, 2007), С.А. Амитов, С.М. Садырова (Амитов, Садырова, 2014), Б.Ш. Шуршитбай (Шуршитбай, 2010), С.А. Нургалиева (Нургалиева, 2008), Р. Абишева (Абишев, 2010), Б.Б. Досжанов (Досжанов, 2010) өз еңбектерінде қолданса, «Репатриант» – С.М. Амитов (Амитов, 2010), М.К. Какимжанов (Какимжанов, 2009), Л.О. Баймолдина (Баймолдина, 2013), С.К. Есетова (Есетова, 2008), К.Қ. Нұрымбетова (Нұрымбетова, 2010) зерттеулерінде кездеседі, ал «этникалық репатриант» – М.С. Карибаев (Карибаев, 2021), А.Б. Калыш және Д.Б. Касымова (Калыш, Касымова, 2014) кітаптарында, «атамекеніне оралған қазақтар» – Н.О. Байғабыловта (Байғабылов, 2013), «мигрант-оралман» – А.А. Есалиевта (Есалиев, 2010), «Отандастар (оралмандар)» – Д.А. Жампейсовтің (Жампейсов, 2013) зерттеулерінде кездеседі. Сондай-ақ, авторлар бұл ұғымға кеңінен тоқталмайды. Осыдан заңнамадағы терминдердің өзгеру динамикасы ғылыми әдебиеттердегі ұғымдардың тұрақсыздығын тудырғанын көруге болады.

Дегенмен, А.С. Сейсенбаева өзінің «Жетісу аумағындағы репатрианттар: этномәдени және миграциялық үдерістері» атты диссертациясында репатриант

ұғымына, оның теориялық және методологиялық мәселелеріне талдау жасайды. Автор «...біз тек осы құбылысты білдіретін екі ұғымды ұсынамыз. Біріншісі ғылыми айналымға енген оралман сөзін қалдыру немесе оның орнына репатриант деген ұғымды нақты термин етіп ұсынғымыз келеді. Себебі репатриант ұғымы бәрімізге белгілі халықаралық барлық ұлтқа түсінікті ұғым, бір жағынан нақты бір ғана құбылысты білдіретін термин бола алады» – деп пікір білдіреді (Сейсенбаева, 2014: 15 б.).

Сондай-ақ, отандық ғалымдар арасында репатрианттарды шыққан мемлекеттеріне қарай жіктеу басымдық алады. Мәселен, Н. Мұқаметханұлы оралмандар шыққан мәдени ортаның төрт түріне мән береді. Яғни, моңғолдық, қытайлық, кеңестік және исламдық мәдени орта деп қарастырады (Мұқаметханұлы, 2011: 160 б.).

«Қазақ диаспорасы және атамекенге оралу (1991-2012)» атты ұжымдық еңбекте де арнаулы бір бөлімді «Қазақтардың жақын және алыс басқа шетелдерден елге оралуы» деп атап, осы жіктелім бойынша әрі қарай қарастырады (Балтабаева, Мамашев, Ермекбай, 2015). А.Б. Калыш пен Д.Б. Касымова да өз еңбектерінде осы үрдісті қолдайды (Калыш, Касымова, 2014).

Жалпы, қазақ репатрианттарды әлеуметтік, экономикалық, тарихи-мәдени, психологиялық, құқықтық т.б. ерекшеліктеріне қарай жіктеу – олардың Қазақстан қоғамына сәтті бейімделуі мен сіңісуін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Яғни, оларды өскен әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық ортасының ерекшелігіне байланысты жекелеген, арнайы бейімдеу, интеграциялау тәсілдерін қолдану арқылы шыққан мемлекеттерінен алған білімі мен тәжірибесін Қазақстанға келгеннен кейін де ұтымды пайдалануына бастама жасау керек.

Нәтиже

1. Құқықтық мәртебе және ғылыми термин. Атамекеніне оралған қазақтарды «оралман», «қандас», «отандас» деп атау мәселесіне тоқталғанда, әуелі ҚР көші-қон заңын қарау керек болады. Себебі,

зерттеушілер осы терминдердің Қазақстан Республикасы көші-қон заңдарындағы түсіндірмесін негізге алады.

Қазақстанның мемлекеттік көші-қон заңдары, актілері мен нормативтері қабылданғанға дейін «отандастар», «шетелдегі қандастар», «шетелдегі ағайындар», «байырғы ұлт өкілдері» т.б. атаулар пайдаланылды. Мәселен, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1991 жылғы 18 қарашадағы №771 Қаулысында «Басқа республикадан және шет елдерден селолық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші *байырғы ұлт адамдарын* Қазақ КСР-інде қоныстандыру тәртібі мен шарттары» – деп жазылады (Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Қаулысы, 1991). 1992 жылы 26 маусымда қабылданған «Иммиграция туралы» Заңның 17-бап 3-тармағында «Соотечественникам и лицам коренной национальности, покинувшим территорию Республики Казахстан в результате массовых репрессий, насильственных мер и преследования, а также военнопленным, и их потомкам, возвращающимся теперь на свою родину, придается статус *беженцев – репатриантов*» – деп көрсетеді (ҚР Иммиграция туралы Заңы, 1992). Ал 1997 жылы 13 желтоқсанда қабылданған ҚР «Халықтың көші-қоны туралы» Заңда «репатриант-оралман» ұғымы бірге пайдаланылды. Мұнда «*репатриант (оралман)* – жаппай қуғын-сүргін актілері, заңсыз реквизициялау, күштеп ұжымдастыру, ізгілікке жат өзге де іс-әрекеттер салдарынан тарихи отанынан тысқары жерге қуылған және азаматтығынан айырылған, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен ерікті түрде қоныс аударған байырғы ұлт адамы, сондай-ақ оның ұрпақтары» – деп берілген (ҚР «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы, 1997).

2002 жылы наурыз айында «Халықтың көші-қоны туралы» Заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, осы заңның 1-бабына сәйкес «*оралман* дегеніміз ұлты қазақ азаматтығы жоқ, Қазақстанға тұрақты мекендеуге келген шетелдіктер» – деп алдыңғы заңнамадағы қосарлы терминнің сыңары ғана қолданылған («Халықтың көші-қоны туралы» Заңға өзгертулер мен

толықтырулар, 2002). Бұл сипаттама тағы толықтырылып, 2011 жылы 27 шілдеде қабылданған ҚР «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының 1-бап 13-тармағында: «оралман – тарихи отанына тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген және осы Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған, Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде, оның шегінен тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақ және оның Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін, оның шегінен тыс жерде туылған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балалары» – деп бекітілді (ҚР «Халықтың көші-қоны туралы» Заңы, 2011).

Бұл атау айналасында қарама-қарсы пікірлер туындай бастаған уақытта неше түрлі ұсыныстар болды, мәселен, сол кездегі Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Т. Мамашев ҚР тұңғыш президенті Н. Назарбаевтың «оралман» сөзін «отандас» сөзімен ауыстыру идеясын жақтады (Мамашев, 2008). Дегенмен профессор Н. Уәлиұлы «отандас» атауына қарсы болып, «оралман» терминін ауыстырудың еш қажеттілігі жоқ екенін алға тартты (Уәлиұлы, 2009). Еліміздегі кейбір ғалымдар да «отандас», «этникалық қазақ» ұғымын пайдалануға қарсы болды. «... Отандас сөзін алатын болсақ, бұл атауды қазақ ұлты болмаса да Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдеріне де қолданатынымыз нақты. Себебі, олардың да отаны Қазақстан болуы мүмкін...» (Сейсенбаева, 2014). Аталған екі терминнің біріншісі Қазақ ССР немесе ҚР азаматы болған басқа ұлт өкілдерінде өз ішіне алады, ал екіншісі белгілі бір елде саны жағынан шағын этностарға (мәселен, диаспора өкілдері) қарата қолданылатын ұғым болып табылады. Бұдан тыс «бауырлас» атауы да ұсынылып, Ж.О. Артықбаев (Артықбаев, 2019) сынды этнографтар қарсы шығып, бұл атаудың қазақ тілінде басқа түркі тілдес халықтарға қарата айтылатынын уәж етті. Кейбір қоғам белсенділері жағынан «қандас» термині ұсынылды. Сонымен 2020 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының № 327-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон

процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысы бойынша «қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, тарихи отанына келген және осы Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері» – деп өзгертілді (Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулысы, 2020).

Осылайша ҚР көші-қон заңдары өзгеріп, толықтырылып отырған 30 жылда ғылыми әдебиеттердегі терминдер де қоса өзгерді. Осыдан белгілі бір құқықтық статусты заң ғылымынан басқа саланың термині ретінде пайдалану қаншалықты орынды? – деген сұрақ туындайды.

Егер құқықтық тұрғыдан алып қарасақ, «жеке тұлғаның құқықтық статусы – жеке тұлға мен қоғамның, азамат пен мемлекеттің, басқа да әлеуметтік байланыстардың өзара қарым-қатынасын реттейтін нормаларды құрайтын кешенді құқықтық институт» (Турегельдиева, 2018: 60 б.). Осы «арнайы (таптық) статус белгілі бір категориядағы тұлғалардың құқығының, бостандығының және міндеттерінің көрінісі ретінде қарастырылады» және ол заң жүзінде күшін жойғаннан кейін әрі қарай пайдаланылмайды. Ал «оралмандар статусы уақытша, өтпелі сипатқа ие. Әдетте қабылдаушы мемлекет белгілі бір уақытқа жауап беретін статусты береді» (Турегельдиева, 2018: 60-65 б.).

Демек, бұл жерде басын ашу керек екі мәселе бар. Біріншісі, халықаралық миграция ережесіне сүйенсек, Қазақстанға оралған этникалық қазақтар – халықаралық мигранттар болып табылады. Ал «оралман», не «қандас» атауы ең әуелі ҚР территориясында ғана жарамды уақытша құқықтық статус. Бұл оларды басқа мигранттардан екшеп көрсететін ерекше мәртебе. Оны шет елдерден оралған, әлі ҚР азаматы болып табылмайтын этникалық қазақтар ғана ала алады. Сонымен қатар, бұл мәртебе шетелден оралған этникалық қазақтарға бірқатар ерекше құқықтар (әлеуметтік, экономикалық жеңілдіктер)

береді және белгілі бір мерзімге дейін ғана жарамды. Яғни, ҚР заңы бойынша елге оралған қазақтар келесідей жағдайда «қандас» статусынан айырылады: «а) ҚР азаматтығын алғаннан кейін; ә) ҚР-да тұрақты тұру рұқсаты жойылғаннан кейін; б) «қандас» статусын алғаннан күннен бастап бір жылдан соң;» (Қандас статусын қалай алуға болады, 2021: интернет-ресурс). Алайда, ғылыми әдебиеттерде бұл қысқа мерзімді құқықтық статус көбінде «әлеуметтік» статус мәнінде қолданылады. Яғни, «қандас» деген құқықтық мәртебесі күшін жойса да, олар әрі қарай осы атаудың негізінде қарастырылады.

Екіншісі, мұндай үрдіс басқа мемлекеттерде де кездесетінін айта кету керек. Мәселен, Ресейде «соотечественники» (compatriots), Израильда «Aliyah» (ascent, going up), Германияда «Aussiedler» (resettlers), Жапонияда «Nikkei» (peoples of Japanese descent from abroad), Қырғызстанда «қайрылман», Кореяда «Joseonjok» (Chinese Koreans) және «Goryeojin» (Central Asia koreans) т.б. және құқықтық, әлеуметтік мәнге ғана ие, яғни ресми ғылыми термин ретінде есептелмейді.

Қолданыстағы «қандас», «оралман», «қазақ репатрианттар» атауының қайсысын пайданасақ та алыс және жақын шетелдерден оралған қазақтарды меңзеп тұрғаны анық болғанымен, ғылыми терминологияда бірізділіктің болғаны маңызды және оның халқаралық стандартқа сәйкестенуі дұрыс болмақ. Себебі, ғылыми термин терминология жүйесіндегі белгілі бір ғылыми тұжырымдаманы білдіреді және жіктейді, терминация объектісінің сипаттамалық белгілерін, басқалармен өзара байланысын ерекше дәлдікпен көрсетеді (Скороходько, 1963: 13 б.). Сондықтан, бір объектіні баяндайтын терминдерді унификациялау осы бағыт бойынша зерттеулер жүргізуге тиімділік әкелетінін ескеру керек.

Сонымен қатар, «қандас» ұғымын пәнаралық термин деп есептеу турасында айтар болсақ, онда «қандас» құқық саласының ғана емес, басқа ғылымдардың да зерттеу объектісі болған «этникалық қазақтар және Қазақстанға оралу» үдерісін толық сипаттай алуы және тұрақты болуы

керек. Дәл қазіргі жағдайда, бұл нәтижеге қол жетті деп айту қиын.

Жоғарыдағы мәліметтерді сараптай келгенде, мемлекет пен азамат арасындағы қатынастарды реттеу үшін жасалған құқықтық мәртебені айқындайтын ұғымның жеке тұлғаның немесе белгілі бір топтың болымысын сипаттайтын тұрақталған және халықаралық стандартқа негізделген термин бола алмайтынын көруге болады.

2. Халықаралық ғылымдағы «репатриация» түсінігі. Әлемдік ғылыми айналымда return migration, ethnic return migration, diasporic return migration және репатриация термині жиі қолданылады. Енді осы ұғымдарға жеке-жеке тоқталсақ. Әуелі, «return migration (қайту, оралу миграциясы) – бұл бастапқы шыққан не кеткен нүктесіне қайта оралу немесе қайта қайтарылу (күшпен) процесі немесе әрекеті» – деген мағынаны білдіреді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаменті Статистикалық бөлімінің мәліметіне сүйенсек, «return migrants» – басқа елде халықаралық мигрант болғаннан кейін (қысқа немесе ұзақ мерзімді) өз еліне оралатын және өз елінде кем дегенде бір жыл қалуға ниетті адамдар» – деп қарастырылады (Measuring return migration: some preliminary findings in times of crisis, 2012: 2 б.). Халықаралық Миграция Ұйымының (ХМҰ) Халықаралық көші-қон контекстінде «return migration» (қайту, оралу миграциясы) – тұрғылықты жерінен шығып, халықаралық шекарадан өткеннен кейін шыққан еліне оралған адамдардың қозғалысы деп сипатталады. Мұнда этникалық миграция болуы маңызды емес. Бұл елдің аумақтық шекара шеңберіндегі ішкі қоныс аударушылар, әскерден босатылған жауынгерлер, транзиттік еңбек мигранттар, босқындар немесе саяси баспана іздеушілер болуы да мүмкін» – деп көрсетіледі (International Migration Law, 2019: 186 б.). Осындай БҰҰ мен ХМҰ ұсынған «return migration» (қайту, оралу миграциясы) ұғымының біріңғай анықтамасына қарамастан, оны әр түрлі мемлекеттерде түрлі мағынада қолданып жүр.

Келесі, «ethnic return migration» (этникалық оралу миграциясы) ұғымы «return migration»-мен (қайту, оралу миграциясы) салыстырғанда оралушы тұлғаның немесе топтың этникалық шығу тегіне баса мән береді. G. Sheffer-дің пайымдауынша: « «Ethnic return migration» (этностың оралу миграциясы) – белгілі бір этнос өкілдерінің шетелде бір немесе бірнеше ұрпақ өмір сүргеннен кейін өз отанына қайтып оралуы болып табылады. Бұл халықаралық көші-қонның ерекше түрі, өйткені диаспора топтары «шетелдегі үйінде» өз этномәдени бірегейлігін сақтай отырып, бірнеше ұрпақтан кейін сол қабылдаушы қоғамға толықтай орнығады» (Sheffer, 2003: 25 p.).

Оралу миграциясын сипаттауға қолданылып жүрген тағы бір ұғым – «co-ethnic migration». John D. Skrentny, Stephanie Chan, John Fox және Denis Kim «co-ethnic»-ті (соотчественники, этническая собратья) – ұлттық мемлекеттің азаматы не азаматы болып табылмайтын, бірақ «этникалық туыстық», яғни қаны мен шығу тегі бойынша ортақ байланысы бар адамдар тобы – деп көрсетеді (De Tinguy, 2003). Ал кейбір авторлар «return migration» (қайту, оралу миграциясы), «ethnic return migration» (этностың оралу миграциясы), «co-ethnic migration» (со-этническая миграция) бәрін репатриация деп атауға болады – дейді (Zeveleva, 2015: 3-4 pp.).

Келесі термин – «diasporic return немесе diasporic homecoming migration». Белгілі Америкалық ғалым Т. Tsuda-ның түсіндірмесі бойынша « «diasporic return немесе diasporic homecoming migration» (диаспораның оралу миграциясы) дегеніміз белгілі бір саяси қуғын-сүргін не экономикалық себептерге байланысты әртүрлі аумаққа шашырап орналасқан және этникалық шыққан елге деген сүйіспеншілік сезімімен біріктірілген диаспоралық этнос топтары (Tsuda, 2009). Жалпы, миграция және диаспора – бұл бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Миграцияда диаспора концепциясы мигрант және мигранттық топтар болмысы, олардың пайда болу себептері, түрін анықтау үшін пайданылады. Әдетте диаспоралық оралу миграциясы үш түрлі үлгіде кездеседі,

біріншісі, «economic diaspora», экономикада бұларды еңбек мигранттары деп те атайды. Мұндай диаспораның бірі – ХХ ғасырдың басында жаппай Бразилияға көшкен жұмысшы жапондар және Америкаға қоныс аударған кәріс диаспорасы. Оларға қарата Т. Tsuda «diasporic return немесе diasporic homecoming migration» терминін қолдануды жөн көреді.

Екіншісі, «Victim diaspora» (құрбандық/мәжбүрлі диаспора) – түрлі саяси, діни, мәдени, этникалық, тілдік, ұлттық себептермен өз елінен басқа жерге мәжбүрлі түрде көшкен халықтар. «Victim diaspora»-ны кейбір ғалымдар «catastrophic diaspora» деп те атайды. Оның миграциядағы жарқын мысалы – еврейлер. Дегенмен еврейлердің Израилға оралуын «diasporic return» деп атаудан гөрі «ethnic return» ретінде қарастыру кең практика алған.

Үшіншісі, Nonmigratory diaspora (көшпеген/шекаралық диаспора) – көшу немесе мекен ауыстыру есебінен емес, түрлі саяси қақтығыстар мен келісім-шартқа байланысты ұлттық мемлекеттердің шекара өзгерісі салдарынан пайда болатын диаспора түрі. Мұнда шекара маңында мекен еткен халық көршілес мемлекеттің территориясына қалып қояды да өз мекенінде тұрып жатса да диаспора болып табылады.

Кейбір ғалымдар diasporic return-ды ethnic unmixing (шашыраған этнос) деп те атайды, яғни басқа елдерде шашырап өмір сүріп жатқан этностың бөлігі. Youngook Jang «Migration and ethnic diversity in the Soviet and Post-Soviet space» атты диссертациясында 1991 жылға дейін Кеңес Одағының ұлттық және миграция саясатында өзге этностарға өзінің ұлттық бірегейлігін (ұлттық автономды республика статусын) сақтауға рұқсат беретін ерекше мүмкіндіктің болғанын айта келіп, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін кейбір байырғы ұлт өкілі болып табылмайтын этностардың өзінің бұрыннан заңды түрде тұрып келе жатқан жерінде диаспора болып қалғанын айтады. Мысалы, 1989 жылғы бүкіл одақтық санақ бойынша өзі титулды ұлт болып табылатын республикадан тыс өмір сүріп жатқандардың саны 73 млн адам болған.

Олардың ішінде орыстар 25 млн, ал басқа этностар 12 млн. адамды құраған (Jang, 2018).

Тағы бір кең қолданыста жүрген, халықаралық құқық пен көші-қон саясатында екі түсіндірмесі бар «репатриация» ұғымы да осы оралу көші-қонмен тығыз байланысты.

Неғұрлым тар мағынада, репатриация – халықаралық заңда босқынның немесе әскери тұтқынның өзі азаматы болып табылатын елге қайта оралу құқығы ретінде қолданылады.

Ал кеңейтілген түсіндірмеге сәйкес, репатриант – бұл әлеуметтік-экономикалық немесе жеке сипаттағы себептерге байланысты азаматы болып табылатын немесе этникалық шыққан еліне тұрақты тұру үшін өз еркімен қоныс аударған адам. Осыған байланысты кейбір елдердің үкіметтері мен олардың мемлекеттік бағдарламалары репатриацияны оралу көші-қонның бір түрі ретінде қарастырады, яғни, этникалық отанға оралу процесі. Этникалық Отан көбінесе адамдар өздерінің немесе ата-бабаларының этникалық шығу тегімен байланыстыратын елді немесе аймақты білдіреді (егер олар бұрын осы жерден қоныс аудармаса да). Әдетте, бұл жағдай этникалық және діни байланыстар арқылы анықталады.

Дегенмен, ғалымдар арасында «репатриация» терминін пайдалану ареалы бойынша түрлі қарама-қайшы пікірлер кездеседі. В.А. Ионцев репатриацияны – «әртүрлі жағдайларға орай азаматтығы бар өзге мемлекет аумағында жүрген тұлғалардың тұрғылықты мекені немесе шыққан жері болып табылатын елге оралуы» – деп тұжырымдайды (Ионцев, 1999: 44 б.). Ал Р. Нут-тың пікірінше, «репатриация» ұғымын Шығыстан келген поляктардың бәріне бірдей қолдануға болмайды, олардың ішінде Польшаның территориясынан шет туылған, өскен адамдар бар және екі бағытты (көшіп кету – көшіп келу) емес, тек бір бағытты көшушілер, яғни қоныс аударушылар. Ол осыған орай бір этнос өкілдері болып табылатын, бірақ басқа мемлекетте туылған, ержеткен ұрпақтың атамекеніне қоныс аударуын сипаттау үшін «wojacyzienie –

impatriation – импатриация – отандандыру» терминін ұсынады (Nut, 2002). Яғни, осы екі ғалымның пікірі бойынша репатриацияны этникалық байланыс емес, азаматтық-құқықтық құжат негізінде қарастыру қажет. Сонымен қатар, Р. Нут Польша мен Кеңес Ордағы арасындағы территориялық бөлініс салдарынан басқа мемлекет аумағында қалып қойған, бірақ өзінің туған жерінде тұрып жатқан шығыстағы поляктарға қарата осы терминді пайдалануды қолдамайтынын айтады (Nut, 2002). Пост-кеңестік және Орталық Азиядағы миграцияны сараптаушы М. Флинн мақаласында «репатриация «бір бағытты, біртекті қозғалыс емес», керісінше көптеген субъектілер қатысатын, тәуелділік үлгілерінің «мәдени және физикалық қайта бірігу» процесі» екенін жазады (Flynn, 2003: 179 р.).

Жалпы алғанда, репатриация мен return migration (оралу миграциясы) екеуі де шетте қалған жеке тұлғаны не белгілі бір топты шыққан мемлекетімен мәдени және физикалық тұрғыдан қайта қосады. Дегенмен, осы екі ұғымның өзіндік айырмашылығы да бар. «Репатриация» – адамды (жеке тұлғаны) азаматы болып табылатын немесе этникалық шыққан еліне қайтару. Ал «return migration» (оралу миграциясы) – адамды (жеке тұлғаны) шыққан нүктесіне (жеріне) қайтару, яғни, мұнда жеке тұлға азаматы болып табылатын немесе этникалық байланысы бар мемлекетке ғана емес, үшінші бір транзиттік елге де қайтарылуы мүмкін. Тағы бір даулы мәселе – ғалымдардың жартысы «return migration»-ді репатриацияның бір түрі деп есептесе, келесі бір тобы керісінше репатриацияны «return migration»-нің бір тарамы ретінде қарастырады. Осындай тұрақты анықтаманың болмауы зерттеу жүргізуді қиындатады.

Түрлері. «Return migration» (оралу миграциясы) немесе репатриация зерттеу нысаны болып табылатын әртүрлі пәндердің контекстне сай жіктеледі. Мәселен, қаржылық жағдайларға байланысты зейнеткерлік, қысқа (уақытша) және ұзақ (тұрақты) мерзімді, арақашықтыққа байланысты алыс және жақын аралықтағы, этникалық байланыс негізінде атамекенді

аңсау, екінші ұрпақ миграциясы т.б. көптеген түрлерін атауға болады.

Сонымен қатар, миграцияда мигранттардың шыққан еліне оралуы процесінің еріктілік дәрежесіне байланысты екіге бөлінеді:

а) «ерікті түрде оралатын мигранттар» – өз еркімен шешім негізінде өз бетінше немесе біреудің көмегімен шыққан еліне, немесе транзиттік елге оралатын адамдар;

ә) «мәжбүрлеп оралу» – адамның өз еркінен тыс азаматы болып табылатын немесе этникалық шыққан еліне оралу әрекеті;

Келесі, белгілі бір мемлекеттің және халықаралық ұйымдардың көші-қон процесіне қатысу дәрежесіне байланысты үш түрін ажыратуға болады:

а) арнайы мемлекеттік бағдарламалар арқылы ерікті қайтару және реинтеграция жұмыстары іске асырылған тікелей немесе белсенді ынталандырылатын көші-қон;

ә) жанама ынталандырылған көші-қон. Мұнда арнайы мемлекеттік бағдарламалар жоқ немесе уақытша болып табылатын, бірақ жекелеген әлеуметтік-мәдени немесе кәсіптік топтарды қолдау шаралары іске асырылады.

б) ұйымдастырылмаған көші-қоны. Бұл жағдайда мемлекет процеске қатыспайды және адамдар өз бетінше оралады.

Диаспора ретінде қалыптасудың тарихи ерекшеліктеріне сүйене отырып көші-қонның келесі түрлерін ажыратуға болады:

а) жаппай эмиграция себебінен бұрын ірі диаспоралар қалыптасқан мемлекеттерден атамекенге оралу көші-қон;

ә) бұрын метрополиялардан қоныс аударушылардың едәуір санын қабылдаған колониялар немесе оккупацияланған территориялар болған мемлекеттерден оралған көші-қон;

б) бұрын бір мемлекет болып саналған, кейін ол мемлекет ыдырағаннан соң оның басқа бөліктерінен оралған көші-қон (Возвратная миграция: международные подходы и региональные особенности Центральной Азии, 2020: 36 с.);

Қазақ репатриациясының сипаттамасы және ерекшелігі. Жоғарыдағы мысалдарды

